

**Жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіру жобасы бойынша Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің қарызы шеңберінде "Қарлығаш" шаруа қожалығына берілген кредит бойынша борышты аудару туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 ақпандағы N 128 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексінің 186-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіру жобасы бойынша Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің қарызы шеңберінде "Қарлығаш" шаруа қожалығына берілген кредит бойынша борышты "Алмас" шаруа қожалығына аудару жүзеге асырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен және "Оңалту және активтерді басқару компаниясы" акционерлік қоғамымен бірлесіп, қолданыстағы заңнамаға сәйкес "Алмас" шаруа қожалығымен қосымша келісімдер жасассын.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.29 N 465 Қаулысымен.**

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*